

**Географиядан республикалық олимпиаданың
Облыстық кезеңі
2023/2024
10 сынып
II тур**

Жазу уақыты: 3 сағат (180 минут).

Бұл тур 10 балдық 6 тапсырмадан тұрады.

Барлық жауаптар жауап бланкілеріне жазылу керек.

А бөлімі. Үгілу(Выветривание) және климат

Үгілу -тау жыныстарының дезинтеграции (ыдырау) процесі. Үгілудің екі түрі бар – **механикалық(физикалық)** және **химиялық**.

1. Механикалық үгілудің **бір** ерекшелігін сипаттаңыз. [1]

Төмендегілердің кез келгені:

1 б. – минералды/химиялық құрамын өзгертпейді

НЕМЕСЕ тау жыныстарының бетінің ауданын үлкейтеді

НЕМЕСЕ таңдамалы(селективті) емес және барлық жыныстарға әсер етеді (тек әртүрлі жылдамдықта)

2. Химиялық үгілудің **бір** ерекшелігін сипаттаңыз. [1]


Төмендегілердің кез келгені:

1 б. – бейімделген жыныстардың химиялық құрамын өзгертеді

НЕМЕСЕ әртүрлі газдардың, сұйықтардың және еріген заттардың тау жыныстарымен химиялық реакциялары түрінде болады

НЕМЕСЕ таңдамалы(селективті) - белгілі бір хим.заттар

Пельтье диаграммасы үгілудің басым түрінің тәуелділігі мен күшін климатқа байланыстылығын сипаттайды.



А1 схемасы. Пельтье диаграммасы.


3. Температурасы жоғары және жауын-шашын көп болатын климаттық аймақтарда қатты химиялық үгілу нәтижесінде болатынын түсіндіріңіз. [1]


1 б. – Химиялық реакцияның жылдамдығын арттырады (Вант-Гофф ережесі)

4.1 Қалалар мен олардың климатограммаларын сәйкестендіріңіз: [2]

0,5 б. әрқайсысы үшін:

A4 B2 C1 D3





4.2 4.1-тапсырмадағы қалалар үшін үгілудің басым сипатын анықтаңыз (А1 схемасындағы Пельтье диаграммасы бойынша). [2]

0,5 б. әрқайсысы үшін:

Алматы – аяз көріністерімен орташа химиялық үгілу

Шымкент – орташа химиялық үгілу

Атырау – кез келген түрдегі шамалы үгілу

Петропавл – аяз көріністерімен орташа химиялық үгілу

5.1, 5.2, 5.3 тапсырмалры А2 схемасына негізделген.



5.1 Бұл жер бедері (рельеф) Қазақстанның қай облысында орналасқан? [0.5]

Ақмола

Бұл рельефтің пайда болуын қалыптастырған үгілудің бір түрі- механикалық типтегі биологиялық үгілу– ағаштар мен басқа да, өсімдіктерінің әсері.

5.2 Жоғарыда аталғаннан басқа рельефті қалыптастырған үгілудің типі мен түрін атаңыз. [1]

Аяздық үгілу/аяздық сындыру (раскальвание)

Терминнің басқа аудармалары болуы мүмкін - жеке жауаптарға негізделу керек.

5.3 5.2-тармақтағы үгілудің көрінісін сипаттайтын аннотациялары бар диаграмма сызыңыз. [1.5]

0,5 б. – орны және атмосфералық агент – тау жыныстарының жарықтарындағы су – анық суреттелген

0,5 б. – тау жыныстарының бұзылуының себебі анық көрсетілген – қатқан кезде судың кеңеюі

0,5 б. – нәтиже көрсетілген – тау жыныстарының блоктарға бөлінуі


Эталонды жауап:



<p>1. <u>Су</u> (мысалы, жаңбырдан кейін) <u>жартастағы жарықтар мен жарықшақтарды толтырады</u></p>	<p>2. Суық болып, температура 0°C-тан төмен түскенде су мұзға айналады. Мұздың тығыздығы судың тығыздығынан (9%-ға) үлкен, сондықтан мұз <u>жарықтардың қабырғаларына қысым жасап, оларды кеңейтеді.</u></p>	<p>3. <u>Цикл</u> әрбір мұздату-еріту маусымымен <u>қайталанады</u>, жарықтарды кеңейтеді - <u>нәтижесінде тау жынысы бөлінеді.</u></p>
--	--	---

В бөлімі. Тюнен моделі

Тюнен моделі қаладан қашықтығы артқан сайын ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану аймақтарының кеңістікте таралуын сипаттайды.



В1 схемасы. Тюнен моделі.

1. Тізімдегі ауыл шаруашылығының түрлерін төмендегі кестедегі аймақтарға сәйкестендіріңіз. **Тізімдегі ауыл шаруашылығының әрбір түрі бір ғана аймаққа сәйкес келеді**, бірақ әрбір аймақ ауыл шаруашылығының бірнеше түріне сәйкес келуі мүмкін. Яғни, кестені дұрыс толтырсаңыз, **2 бос жол болуы** керек. [3]

Ауыл шаруашылығының түрлері					
Сүт өндірісі	Жайылымдық-қоралық мал шаруашылығы	Дәнді дақылдар, бидай өсіру	Тауарлы культуралар ("cash crops")	Бақ өсіру	Аралас ауыл шаруашылығы

2. Ауыл шаруашылығы түрлерін әртүрлі критерийлер бойынша талдау арқылы таңдауыңызға анықтама/түсініктеме жазыңыз: [6]

- Бұл ауыл шаруашылық түрі **интенсивті ма әлде экстенсивты ма?**
- Ауыл шаруашылығының осы түрі өндіретін өнімдердің сипаты қандай?

Бағалау схемасы:

0,5 б. - әрбір дұрыс сәйкестік үшін «аймақ – ауыл шаруашылығының түрі» (барлығы: 3 б.)

1 б. – аймақты таңдаудың әрбір дұрыс түсіндірмесі (барлығы: 6 балл)

- 0,5 б. – ауыл шаруашылығының түрі дұрыс көрсетілген (интенсивті/экстенсивті)
- 0,5 б. – өндіріс/өнім ерекшеліктері дұрыс сипатталған (тез бұзылатын/тез бұзылмайтын, өнімнің жоғары/төмен бағасы, үлкен/кіші аумақты алып жатыр)
- 0 б. – «ауыл шаруашылығы аймағы» сәйкес келмеген жағдайда дұрыс түсіндірілсе де

Егер ауыл шаруашылығы түрінің орналасуы мен оның ерекшеліктері арасындағы байланыс түсіндірілсе, баламалы (альтернативті) жауаптарды санаңыз


№ аймақ	Ауыл шаруашылығының түрі/түрлері	Анықтама/түсініктеме
1	Сүт өндірісі	Интенсивті а/ш, тез бұзылатын өнімдер, түпкілікті өнімнің жоғары бағасы (жерді жалға алудың жоғары құнын өтейді)
	Бақ өсіру	Интенсивті а/ш, тез бұзылатын өнімдер, түпкілікті өнімнің жоғары бағасы (жерді жалға алудың жоғары құнын өтейді)
2	Тауарлы культуралар ("cash crops")	Интенсивті а/ш, соңғы өнімнің жоғары бағасы (жерді жалға алудың жоғары құнын өтейді)

3	Аралас ауыл шаруашылығы	Экстенсивті а/ш, соңғы өнімнің орташа бағасы (жалға алудың жоғары құнын өтейді)

4	Жайылымдық-қоралық мал шаруашылығы	Экстенсивті а/ш, көп жерді қажет етеді
	Дәнді дақылдар, бидай өсіру	Экстенсивті а/ш, көп жерді, тез бұзылмайтын өнімдерді қажет етеді

(Ескертпе: маңызды нәрсе - ауыл шаруашылығының әр түрі қай аймаққа тағайындалғаны. Әр аймақтың ішіндегі ауыл шаруашылығы түрлерінің тізімделу реті баллдарға әсер етпейді)

3. Тюнен моделі 1-фактордың (Оу осі бойынша) 2-факторға (Ох осі бойынша) тәуелділігіне негізделген. Осы екі факторды атаңыз. [1]



Әр пункт үшін 0,5 балл:

- 1 (Oy) – жер бағасы
- 2 (Ox) – қаладан қашықтығы

Тапсырма тақырыбы бойынша әдебиет:

1. Bjelland, M., Montello, D., Fellmann, J., Getis, A., Getis J. Human Geography. Landscapes of Human Activities. 2015.

С бөлімі. Тау жыныстарының айналымы

Тау жыныстарының айналымы – геологиядағы жер қыртысының материялары - тау жыныстарының түрлері, шөгінділер мен магма арасындағы барлық негізгі өзара әрекеттесулер мен өзгерістерді сипаттайтын негізгі ұғым.

Сізге тау жыныстарының айналымының толық емес схемасы берілген. Осы тапсырмадағы сұрақтарға жауап бере отырып осы схеманы толтыруыңыз қажет.

1. Сөйлемдердегі бос орындарды толтырыңыз: [3] **Схемадағы нақты жауаптар ғана**

1.1 (**Магма**), мантиядан жер қыртысына еніп, қатып (**Магматикалық жыныстарға**) айналады.

1.2 Эрозия мен үгілу тұтас(бүтін) тау жыныстарын бұзып, оларды (**шөгінділерге**) айналдырады. **Шөгінді жыныстар есепке алынбайды**

1.3 (**Магматикалық жыныстар**) мен (**Метаморфтық жыныстар**), үлкен тереңдікте балқу нүктесіне жетіп, (**Магмаға**) айналады.

2. Метаморфтық тау жыныстары қалай түзіледі? [2]

Қысым (1 б.) және температура (0,5 б.) әсерінен тау жыныстарының түр өзгертуі (0,5 б.).

3. Қандай процестер шөгінділерді шөгінді тау жыныстарына айналдырады? Шөгінді тау жыныстарының бір мысалын атаңыз. [2.5]

0,5 балл – шөгінді жыныстардың кез келген жанасымды мысалы (әктас/құмтас/галит/басқалар)

Процестер үшін 2 балл:

• **Тығыздау/нығыздау** (1 б.) және **цементтеу** (1 б.) немесе жоғарыда аталғандардың синонимдері ретінде ғылыми әдебиеттерде қолданылуы дәлелденген терминдер

НЕМЕСЕ

• Баламалы жауаптар, олардың әрқайсысына 1 балл беріледі:

Қайта кристалдану (шөгінділерді)

Химиялық түр өзгерту

Ылғалдандыру/Сусыздандыру (Гидратация/Дегидратация)

Жаңа минералдардың түзілуі

Жеке (тұрақсыз) тұнба бөлшектерінің еруі

НЕМЕСЕ


• Егер алдыңғы жауаптар жоқ болса, литификация/диагенез жауабы 1 баллмен бағаланады

4. Тапсырмадағы ақпаратты және өз біліміңізді пайдалана отырып, тау жыныстарының айналымының схемасында барлық негізгі айналу(превращение) жолдарын стрелкамен көрсетіңіз. [2.5]


Бір түрдегі (бір түспен белгіленген) барлық стрелкалардың әрқайсысы үшін 0,5 балл - яғни шөгінділерге айналдыру үшін 0,5 балл (жасыл стрелкалар) **дәл көрсетілген 3 бағыт** белгіленген жағдайда ғана беріледі. Жауаптағы стрелкаларды бір стильде және бір түсте белгілеуге болады, ең бастысы олардың саны мен бағыты.

Барлығы: стрелкалардың 5 түрі, әрқайсысы 0,5 балл

Әрбір артық стрелка: -0,5 балл



D бөлімі. Қазақстан паспорты



D1 схемасы. Қазақстан Респ.-ның әлемнің басқа елдерімен визалық режим картасы.

D1 схемасында Қазақстан Республикасының азаматтарының басқа елдерге саяхаттауға қажет виза түрлері көрсетілген.

1. В1 сызбасында, көк түспен көрсетілген визалық режимді атаңыз. [0.5]

Төмендегілердің кез келгені үшін 0,5 балл:

Электронды виза / “жеңілдетілген аэропортты виза” / синонимдік жауаптар

2. В1 сызбасында, қызыл түспен Қазақстан азаматтары үшін виза талап ететін мемлекеттер белгіленген. Бір мемлекеттердің жеңіл, бір мемлекеттердің қатаң виза режимдерін енгізуіне 3 себепті атаңыз. [1.5]

Төмендегілердің кез келген 3 үшін 0,5 балл:

Мемлекет аралық дипломатиялық арақатынас деңгейі / Экономикалық даму деңгейі (ЖІӨ немесе импорт-экспорт сальдосы) / Қауіпсіздік деңгейі / Мемлекеттік институттардың жұмыс жасау қарқыны / Халықаралық келісімшарттар / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа да жауаптар

3. Қазақстан Республикасы визалық арақатынасты дамыту мақсатында атқаруға болатын 2 іс-шараны ұсыныңыз. [1.0]

Төмендегілердің кез келген 2 үшін 0,5 балл:

Халықаралық келісімшарттар мен конвенцияларды ратификациялауды жылдамдату / Экономикалық келісімшарттарды дамыту / Шетелдік диаспора мен арақатынасты дамыту / Халықаралық ұйымдарды белсенді болу (БҰҰ конвенциялар ұсыну) / Мемлекеттік институттарды дамыту (сот жүйесі/ қауіпсіздік қызметтері / парламент) / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа да жауаптар

4. 2024 жылы, Сыртқы Істер Министрлігі Қазақстанда Цифрлық Көшпенді (Digital Nomad) арнайы визасын енгізу жоспарлауда. Бұл визаның кімге беретінін сипаттаңыз. [1.0]

Шетелдік компанияларда қашықтан жұмыс істеуді қамтитын анықтама үшін 1 балл:

Шетелдік компанияларда қашықтан жұмыс істейтін азаматтар. Негізінен цифрлық технологиялар мен инновациялық салалардағы жұмысшыларға арналған.

5. Цифрлы Көшпенді (Digital Nomad) визасының Қазақстанның дамуына 2 әсерін талқылаңыз. [2.0]

Төмендегілердің кез келген 2 үшін 1 балл:

Экономикалық даму (ЖІӨ артуы) / Мәдени-қоғамдық даму / Кәсіпкерлік (Стартап) инфрақұрылымының дамуы (Кремний даласы мысалы) / Туризм және Қазақстанның әлемдегі танымалдылығы артуы / Жергілікті инфрақұрылым немесе қызмет көрсету саласы дамуы / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа да жауаптар

6. Цифрлы Көшпендерді Қазақстанға шақыру мақсатында 3 іс-шараны ұсыныңыз. [1.5]

Төмендегілердің кез келген 3 үшін 0,5 балл:

Технологиялық инфрақұрылым немесе ғаламтор желесін дамыту / Кіші және орта бизнестің жұмысын заңнамалық оңтайландыру / Тұрғын үй қолжетілімдігін арттыру / Салықтық оңтайландыру / Ағылшын тілді қорша құру/ Медициналық сақтандыру немесе көмекті жақсарту / Шетелдік компаниялар үшін қашықтан жұмыс істейтін азаматтар үшін көші-қон орны ретінде Қазақстанның тартымдылығын арттыруға қатысты басқа да жауаптар.

7. Ақыл көші (brain-drain) терминін сипаттаңыз. [1.0]

Сипаттама үшін 1 балл (астын сызылған сөзбе-сөз немесе перифразиялық түрі бар):

Ел немесе өлкеден саяси, экономикалық, діни немесе басқа себептер бойынша мамандар, ғалымдар және білікті жұмыскерлердің кетіп қалуымен сипатталатын иммиграциялық процесс.

8. Ақыл көші процессін баяулатуға арналған 3 әдіс ұсыныңыз. [1.5]

Төмендегілердің кез келген 3 үшін 0,5 балл:

Саяси тұрақтылықты дамыту / Жеке мүлік құқығын және сөз еркіндігін дамыту / Мемлекеттік экономикалық саясатты жақсарту / Ғылым және білімге инвестиция құю / Мемлекеттік инфрақұрылымды дамыту / Жұмыстық арақатынастар шарттарын және заңдарын жақсарту/ Жас ұрпаққа кәсіпкерлік гранттар ұсыну/ Кері миграцияны ынталандыру / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа да жауаптар

Е бөлімі. Шөгінді жыныстар

Шөгінді тау жыныстар үш түрге бөлінеді – **сынықты/кластикалық (обломочные), химогендік және биогендік.**

а. Шөгінділердің түрлерін бөлшектердің диаметрі бойынша ең кішісінен бастап орналастырыңыз: [2.5]

5-1-4-2-3 (тек нақты жауап)

Дұрыс орналасқан шөгіндінің әрбір түрі үшін 0,5 балл

1. Ұйық (Ил)	2. Қиыршықтас (Гравий)	3. Малтатас (Галька)	4. Құм (Песок)	5. Саз (Глина)
--------------	------------------------	----------------------	----------------	----------------

б. Саз бөлшектерінің өлшемі оның суды өткізу және сіңіру қасиеттеріне қалай әсер ететінін түсіндіріңіз. [2]

Сұрақты түсінуді көрсететін және саз бөлшектерінің мөлшерінің оның қасиеттеріне әсерін көрсететін толық жауап:

1 балл - саз бөлшектері өте кішкентай және бір-біріне жақын орналасады - саз бөлшектерінің арасында бос орын аз қалады, бұл саздың су өтуіне мүмкіндік бермейді. Ұсақ бөлшектердің аралықтары/ұсақ бөлшектердің өлшемі => саздан су өтуге орын жоқ.

1 балл - саз бөлшектері арасындағы кішкене кеуектер оларға суды жақсы ұстауға мүмкіндік береді, ол үлкенірек бөлшектер арасындағы үлкен кеңістіктерге қарағанда жақсы сақталады.

Кіші кеуектер/бөлшектер арасындағы кеңістік аз => су шөгіндіге жақсы жабысады/су жақсы сіңеді.

Саздың қасиеттерін оның құрамымен байланыстырмайтын толық емес жауап:

0,5 балл – саз суды жақсы ұстайды/сіңіреді.

0,5 балл – саз судың жақсы өтуіне жол бермейді.

Саз қасиеттерін түсіндірмейтін/көрсетпейтін толық емес жауап:

0,5 балл – саз бөлшектері/кіші тесік өлшемі арасында аз бос орын бар

0,5 балл – саздың бөлшектері ұсақ мөлшерді болады.

Төменде екі **сынықты/кластикалық** шөгінді жыныстардың мысалдары келтірілген: конгломерат (сол жақта) және брекчия (оң жақта). Олардың екеуі де бір-бірімен цементтелген үлкен сынықтардан(обломки) тұрады, бірақ сынықтардың пішіні олардың шығу тегінің айырмашылығын көрсетеді.



Е1 схемасы. Конгломерат



Е2 схемасы. Брекчия

1.3 Қандай жағдайда конгломераттар, қандай жағдайда брекчиялар пайда болуы мүмкіндігін анықтаңыз. [3]

Сысалдары:

- флювиальды жүйе,
- көшкін,
- сел,
- жанартау атқылауы,
- суффозиялық шұңқырлар,
- турбидті ағындар.

Конгломерат	Брекчия
флювиальды жүйе	көшкін
сел	жанартау атқылауы
турбидті ағындар	суффозиялық шұңқырлар

Түсіндірме: Қандай тау жыныстары түзілетіні олардың пайда болуындағы судың рөліне байланысты. Конгломераттар (шөгінділердің дөңгелек пішінінен көрінеді) - судың әсерінен пайда болған шөгінділерден түзіледі - су ағынымен дөңгелектенеді. Брекчиялар күшті соққы процестерінен (мысалы, үңгірлердің құлауы) сынған және бөлінген бұрыштық фрагменттерден қалыптасады - мұнда су сынықтарды ұнтақтап, жылтыратуға үлгермеген.

9. Адам қолданатын химогендік шөгінді жыныстың 1 мысалын келтіріңіз. Оның қолданылуын көрсетіңіз. [1.5]

Астында аталғандардан басқа да, химогендік жыныс - оны адамдардың қазіргі уақытта қолдануын дұрыс сәйкестендірген кез-келген дұрыс нұсқаларды есептеңіз.

Мысалы:

Марганец конкрециясы - кобальт пен никельдің көзі болып табылады

Тас тұзы (галит) – тамақ өнеркәсібі

Гипс – бояу/төсем/тыңайтқыш өндірісі

Травертин – цемент өндіру/төсемді безендіру

3. Биогенді шөгінділердің жыныстардың жасын салыстырмалы түрде анықтауға қалай көмектесетінін түсіндіріңіз. [1]

Қазір жойылып кеткен кейбір түрлердің биогендік шөгінділері бізге бұл қазбаларды тапқан тау жынысы осы организмдер өмір сүрген уақыт аралығында пайда болғанын айтады. Жер бетінде белгілі бір түрлердің қашан өмір сүргені туралы білім бізге осы түрлердің қалдықтарын тапқан тау жыныстары арқасында көп ақпарат береді.

Жауаптың мүмкін мысалдары:

Бір-бірінен алыстағы тау жыныстарында (тіпті әртүрлі континенттерде де) табылған қазіргі жойылып кеткен түрлердің қазбалары бізге тау жыныстарының шамамен бірдей уақыт кезеңінде пайда болғанын анықтауға көмектеседі.

Бұрын өмір сүрген ағза қалдықтарының **астынан** кейінірек өмір сүрген ағзаның қазба қалдықтарын тапсақ, онда қабаттар бір сәтте төңкерілген.

Салыстырмалы даталау дәлдігін жақсарту үшін қазбаларды пайдалану туралы басқа жауаптарды есептеңіз (геологиядан әдебиетте салыстырмалы даталау (Relative Dating бөлімін қараңыз)

Тапсырма тақырыбы бойынша әдебиет:

1. *Tarback, E., Lutgens, F.* Earth Science. 14-ші басылым; 2015.

F бөлімі. Контейнерлік дағдарыс



F1 схемасы, дүниежүзілік контейнер индексі бейнеленген. Бұл индекс әлемдік нарықтағы ең ірі жеті порт арасындағы бір 40-футтық контейнердің тасымалдаудың орташа құнын көрсетеді.

1. А1 сызбасында 2020-2023 жылдар аралығында дүниежүзілік контейнер индексінің жоғарылауына басты 1 себепті атаңыз. [1.0]

Нақты жауапты есептеңіз:

Коронавирус пандемиясы/ Covid-19 (пандемиясы)

2. “Контейнерлік дағдарыстың” әлемдік экономикаға 3 әсерін талдаңыз. [1.5]

Төмендегілердің кез келген 3 үшін 0,5 балл:

(Әлемдік) инфляцияның жоғарылуы / Шағын және орта бизнестің дамуының тежеуі / Экономикалық дамуды баяулату / Жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі артуы / Мұхит экологиясын жақсаруы / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа да жауаптар

3. “Контейнерлік дағдарыстың” шешілуіне әсер еткен 2 факторды сипаттаңыз. [2.0]

Төмендегілердің кез келген 2 үшін 1 балл:

Коронавирус пандемиясының тежеуі / Жалпылай вакцинация / Контейнер өндірісі жылдамдауы / Порт инфрақұрылымының дамуы (автоматизация деңгейі артуы) / Еуропа және Америка мемлекеттерде кәсіпорындардың қайта жандануы / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа жауаптар / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа да жауаптар

4. “Контейнерлік дағдарыстың” Қазақстанның *транзиттік* алауқатына 2 әсерін сипаттаңыз. [2.0]






Төмендегілердің кез келген 2 үшін 1 балл:



Батыс Еуропа-Шығыс Қытай *теміржолы* арқылы тауар тасымалының артуы / «Орта дәліз» (Транскаспий халықаралық көлік жолы) *көлік жолы* арқылы тауар тасымалының артуы / Сұраққа логикалық жауап беретін басқа да жауаптар

5. Геостратегиялық нүкте немесе “тар нүкте” (ағыл. *chokepoints*) - әлемдік кеме тасымалының мұхиттағы бұғаз немесе жасанды канал арқылы өтуін атайды. Төмендегі кестедегі әлемдік геостратегиялық нүктелерді атаңыз. [3.5]

Әрбір дұрыс жауап үшін 0,5 балл:

	Атауы	Орналасу координатасы	Ғарыштан суреті
--	-------	-----------------------	-----------------

1.	Ормуз бұғазы	26° с.ш. 56° в.д.	
2.	Малакка бұғазы	4° с.ш. 100° в.д.	
3.	Панама каналы	9° с.ш. 79° з.д.	
4.	Босфор бұғазы	41° с.ш. 29° в.д.	
5.	Баб әл-Мандеб бұғазы	12° с.ш. 43° в.д.	

6.	Суэц каналы	31° с.ш. 32° в.д.	
7.	Гибралтар бұғазы	35° с.ш. 5° з.д.	

Барлығы 60 балл

Сәттілік тілейміз!